

әдеби бағыт-арналарға, әр жылдардағы қаулы-құжаттар сырына ден қояды. Нәтижесінде: ұлттық сөз өнерінің әуелгі негіз-арналары, әдебиеттану ғылымындағы алғашқы ізденіс-ірікілістер, болашақ бағыт-бағдарлары нақтылы дерек, жүйелі салыстыру, өзіндік толғам-толғаныстар арқылы байыпты сараланады», - деп атап көрсетеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасуы, өркендеуі мен дамып жетілуі жайында көп жылдардан бері талмай еңбек етіп келе жатқан Ж.Смағұловтың ғылыми тұжырымдары бұл күндері әбден орныққан, жүйеге түскен, тағылым таразысынан өткен. Біз бұл пікірге ғалым еңбектерімен таныса отырып анық көз жеткіздік. Шын мәнінде, көп қиындықты бастан өткеріп, идеологиялық қысымдардың күшімен сан алуан соқпақты бастан кешірген әдебиеттану ғылымын сара жолға бастайтын, замана, дәуір талабына сай орнықты ой, азат пікірмен суарылған монументальды мұраның баға жетпес жетістігі осында.

### **Ж.Қ.СМАҒҰЛОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫҒАЛЫМ.**

*Б.Е.Сыздықова оқытушы, ғылым магистрі,*

*А.Қарабаева., студент,*

*А.Камели., студент*

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИН) академигі, әдебиеттанушы ғалым, сыншы – Смағұлов Жандос Қожахметұлы халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген сөз өнерінің асыл қазынасын, мұрасын, сонымен қатар ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптасу жолындағы ізденістер мен ірікілістерді ғылыми тұрғыда саралады.

Профессор Ж.Смағұловтың зерттеу нысанының басты бағыты – ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасының мәселелері. Қазақ халқының сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи көзқарастардан құралатын ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің туып-қалыптасу жолдарын ғылыми таразылады. 1993 жылы «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша «Қазақтың әдеби мұрасын игеру проблемалары» деген тақырып бойынша кандидаттық, 2009 жылы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ж.Смағұлов – 4 монография, 5 оқулық пен оқу құралы және бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың, 200-ден астам ғылыми және сын мақалалардың авторы.

Атап айтқанда «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) атты монографияларында қазақтың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің бастауларын сонау VI ғасырдан бері қарай жазба жәдігерлердің хатқа түсуінен жол тартқан алғашқы ізденістер мен руна жазуының пайда болуынан бастайды. Түрік қағанаты аталған алып империяның және Орта ғасырлардағы түркі ғалымдардың әдебиетті өнер деп тану жолындағы бүкіл әлемдік өркениетке қосқан үлес-салмағы тұнғыш рет пайымдалады. Осы монографияларында ұлттық әдебиеттану ғылымының тарих алдындағы кезеңін (предыстория науки), туу, қалыптасу және даму жолдарын нақты дәуірлерге бөле келіп, еуропацентристік көзқарастардағы қағидаға айналып кеткен тұжырымдарға қарсы ұлттық мүддедегі тың ойларын ғылыми айналымға енгізді. Ж. Смағұловтың бұл монографияларында әдебиет туралы ұлттық ғылымның жеке сала ретінде туып, қалыптасу жолындағы ізденістері мен ірікілістері, табыстары мен кемшіліктері кешенді түрде сараланған.[1]

Бұл зерттеудегі ой-тұжырымдарды келешекте жазылатын қазақ әдебиеті тарихының көп томдығында, әсіресе оның әр дәуіріне сай берілетін әдебиеттану мен сынға арналған тарауларын жаңаша көзқараста саралауда пайдалануға болады. Сонымен қатар, ұлттық әдебиет тарихы мен теориясы мәселелерінің ғылыми тұрғыда зерттелуі тарихын, жеке дарындар шығармашылығының тексерілуі жолдарын қарастыратын түрлі мақсаттағы оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға қолдануға болады. Бұл бағыттарда соны қадамдар жасау үшін ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу жолындағы ізденістері мен ірікілістерін ескеріп отырудың ғылыми тұрғыдағы маңызы зор екені анық. Сонымен бірге бұл жұмыс нәтижелері бізде азырақ сөз болып жүрген қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық және әдіснамалық мәселелерін тереңдете қарастыруға

мүмкіндік береді. [2,13]

«Бата сөздердің тағылымдық табиғаты» (2009) атты монографиялық еңбегінде бата сөздердің қазақ фольклорында алатын орны мен жанрлық табиғаты және түрлері ғылыми тұрғыда зерттелген. Кеңес дәуіріндегі атеистік көзқарасқа байланысты зерттеу нысанынан тыс қалған бата сөздердің жанрлық ерекшеліктерін қарастыра отырып, оның әрбір түрінің танымдық және тағылымдық мәнін ашып көрсетеді. Зерттеу жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, магистрлер мен әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамалық мәселелерін зерттеумен шұғылданушыларға және мектеп мұғалімдеріне арналған.

«Әдебиеттану әдіснамасы. (2014) атты монографияда әдебиеттану ғылымы әдіснамасының негізгі мәселелерін зерттеп-зерделеу басты нысанаға алынған. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әлемдік әдебиеттану әдіснамасындағы ғылыми мектептер мен зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру бағытындағы бастан өткерген тарихи жолы сараланған. Ұлттық әдебиет туралы ғылым жеке сала ретінде туу, қалыптасу жолындағы әдіснамалық ізденістері мен іркілістері, жетістіктері мен кемшіліктеріне қазіргі кездегі өскелең талап деңгейінде баға берілген.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» (1995) аталатын оқу құралында қазақ халқының әдеби мұрасының ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ғылыми тұрғыда жиналып-жариялануы мен зерттелуі жан-жақты сөз болады. Бұл кезең — ғасырлар бойы қазақ ұлтының фольклорда және жазба жәдігерлерде сақталып келген әдеби мұрасын шын мәнінде ғылыми тұрғыда саралауға жол ашқан өте бір күрделі мезгіл болса, осы еңбегінде автор ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге Алаш Арыстарының қосқан үлесін алғашқылардың бірі ретінде саралады. Еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік методологияның орын тебуі нақты деректермен дәлелденеді. [1]

Қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеу жолын қазақ даласындағы қоғамдық сананың өсуіне орай әдеби-теориялық ой-пікірдің ояну, әдебиетке байланысты ғылыми ұғымдардың қалыптасу, фольклорлық, классикалық мұраларды жинап-жариялау мен зерттелу процесін кезең-кезеңге бөліп отырып отырып зерттеп көрсетудің практикалық та, теориялық та мәні бар. Ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи ой-пікірдің ояну, даму кезеңдерінен бастап, қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу процесіндегі өткен жолын тарихи тұрғыда ғылыми саралау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі дер едік. [3, 3-7] Демек, халқымыздың ғасырлар қойнауынан келген рухани һәм мәдени мұрамыз – әдебиетімізге қатысты осынау көкейкесті мәселені жан-жақты зерттеп, әрі қарай дамытуды бірінші орынға қойған Ж. Қожахметұлының қосқан зор үлесі атап айтылған еңбегінде де айқын көрсетілген.

Ғылыми зерттеу жұмыстары саласы бойынша «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (Қарағанды, 2012), (Алматы, 2014) аталатын оқулықтары мен «Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау» (2014) атты оқу құралы жарыққа шығып, елімізде ЖОО-дарында осы аттас пәннің оқу үдерісіне енуіне бірден бір құрал болып табылды. Магистратурада мен пейжд докторантурада ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы, өзекті мәселелеріне байланысты жүргізілетін пәндер бойынша негізгі оқу құралдары болып саналады. Сонымен қатар қазақ әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері туралы «ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарындағы сын, әдебиеттану, библиография» (Қарағанды, 2014) (Қ.Қалыбековамен бірге) аталатын оқулығы мен «ХХ ғасырдың қырықыншы-алпысыншы жылдарындағы сын және әдебиеттану» (Қарағанды, 2015) деген оқу құралдары (Қарағанды, 2012), (Қ.Қалыбекова, С.Такировпен бірге) да жарық көрген.

«Тарихтан тағылым» (2014) атты екі томдық ғылыми-зерттеу мақалаларының жинағы жарық көрген. Бұл еңбегінде ғалымдық шығармашылығындағы әр кездерде жазылған ғылыми-зерттеу және әдеби сын мақалалары топтастырылған. Жинақта ұлттық әдебиеттану ғылымында ұлы дарындар тағдыры мен шығармашылықтарының зерделену тарихы мен көрнекті ғалымдар туралы зерттелу мақалалары және әдеби-теориялық талдаулары берілген.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйеге көшуіне байланысты инновациялық технология талаптарына сай «Қазақ тілі мен әдебиетінің 1001 сұрағына жауап» (2003) аталатын ұжымдық оқу құралын жазушылардың бірі және «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (ЭЕМ-ға арналған бағдарлама — электронды оқулық) (2011) атты еңбегі де жарық көрді.

Ұстаздық қызмет атқару барысындағы іс-тәжірибелерінің негізінде «Әдеби мұраны игеру

проблемалары» (1992), «А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін қалаушы» (1997), «Ахметтану бастаулары» (2005), «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (2006) (проф. Т. Кәкішевпен бірге) атты оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы шығарған «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008) атты екі томдық ұжымдық еңбектің авторларының бірі. Тарихи-шежірелік сипатта елтану тақырыбында жазылған «Тағылымға тағзым» (2005) атты зерттеу еңбегі де бар.

Профессор Ж. Смағұловтың ғылыми еңбектерімен шетелдіктер де таныс. Мақалалары Ресей, АҚШ, Болгария, Қытай, Түркия, Грузия, Қырғызстан т.б. елдерінің ғылыми журналдарында жарияланған. 2005 жылы Халықаралық «Кәтеп» қорының шақыруымен Түркияда болып Анкарада Гази атындағы университетте, 2014 және 2015 жылдары Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласындағы Іле педогогикалық университетінде, Күйтін қаласындағы Шыңжаң қолданбалы кәсіптік техника институтында дәріс оқып қайтқан. Іле педогогикалық университетінің құрметті профессоры. 2015 жылы Қытай Халық Республикасының астанасы Пекин қаласындағы Орталық Ұлттар университетінде (Минзу университеті) бір ай дәріс оқыды.

Әдебиеттану ғылымы саласында ізбасар шәкірттер дайындау жолында да айтарлықтай жетістіктерге жетті. 2 филология ғылымдарының кандидаты мен 7 ғылым магистрантына ғылыми жетекшілік жасап, олардың ұлт әдебиеті тарихын зерттеудегі ізденістеріне жол ашты. Адал еңбегі лайықты бағаланып, екі рет Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «Құрмет грамотасымен», «Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ге 40 жыл» және «ҚарМТУ–дың 60 жылдығы» мерейтойлық төс белгілерімен марапатталды. [1]

Мұхтар Әуезов айтпақшы, «Адам ірілігі бір сипат емес, ішкі-тысқы сан сипат қасиеттерінен құралады». Жандос Смағұлов ұстазымыздың да тек ұстаздығы ғана емес, даналығын, әдебиетке қосқан үлесін ерекше даралап, бағалаған, күнде көріп, дәрісіне қатысып жүрген студенттері ғана емес, қазақтың дәрежелі де, елге танылған белді адамдардың аса құрметтеп, биікке көтеруі жай ғана сөз емес. Ол қағаз бетіне түсіп, дарын иелерімен танылған, мойындалған тұлға. «...Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Жандос Қожахметұлы өзі де жоғары білім беру саласында көп жылдардан бері қызмет жасап келе жатқан, білікті маман, білімді шәкірттер тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Сонау мектеп қабырғасында жүрген шағынан бастап көркем әдебиет атты әлемге, сөз өнеріне жақын болған Жандос ұстаздың өлеңдері мен мақалалары кезінде аудандық «Арқа еңбеккері» газетінен бастап республикалық басылымдарда жарық көрген.» [4]

Ғылым мен көркем әдебиетте ортақ қасиеттер көп: бақылау, салыстыру, зерттеу екеуіне де тән. [5] Ал қазақ әдебиеттануының тарихи даму белестерін қазіргі кезең талабына сай зерттеу, саралау ісіндегі ғылыми ізденісте соңғы жылдары тың серпіліс байқалуда. Мұның өзі ұлттық санадағы сілкіністі айғақтап қана қоймай, халықтың сан ғасырлық тарихы мен рухани мұрасына деген шынайы талғамы мен танымын еселеуде, оны ұрпақ тәрбиесіне өрісті ықпал етуге мүмкіндік бермек.

Әлемдік өркениетте өзіндік орны бар мол рухани құндылықтарымызды тануда тамсану кезеңі өтіп, ендігі кезекте оның парқы мен нарқын ғылыми негізінде таразылайтын уақыт жетті. Себебі өткенге орынды, орынсыз тамсану күні кешегі кеңестік дәуірдегі барымызға жатсына қарауға әкеп соғады. Бұл – мәдениетіміз бен әдебиетті дұрыс бағалауда бір жақтылыққа ұрындырмақ. Бұған кешегі кеңес дәуірдегі қазақ әдебиетін таразылауда орын алып отырған кейбір ұшқары, бір жақты пікірлердің бой көрсетіп қалуы нақты дәлел бола алады.

Әдебиет – замана ағымы мен дәуір өзгерістерінің көркем шежіресі. Сол шежіреде бедерленген уақыт тынысын безбендеген суреткердің шығармашылығы мен өзіндік әлемін тану, әдеби өркендеудің бел-белестерін қалқадірінше саралап отырған әдебиеттанудың атқарар міндеті оңай болмаған. Сондықтан қазіргі методологиялық негізге сүйене отырып, қазақ әдебиеттануының жеке ғылыми саласы ретінде туу, қалыптасу жолын тексеруге, әр кезеңдегі жетістігі мен олқылығына баға беруге деген ұмтылысы уақыт талабының ықпалына ғана емес, заңды құбылыс та. Әсіресе, маркстік-лениндік әдіснама талабы мүмкіндік бере қоймаған әдебиеттанудағы ұлттық мүддеге қатысты мәселелер өзекті арнаға айналып отыр. Бұл тұрғыда саясатқа телінген қазақ әдебиеттану ғылымының кеңестік дәуірде жүріп өткен жолын қарастыру – салиқалық пен парасаттылықты да қажет ететіндігі ақиқат. Сондай сүбелі зерттеулердің қатарында Алматының «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген ғалым Жандос Қожахметұлы Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану

ғылымының тарихы» атты монографиясын атауға болады.

Зерттеудің күрделілігі мен қарастырылып отырған ғылыми мәселелердің зор ауқымдылығы авторға мол жауапкершілік жүктелгенін айқындайды. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы сияқты әдебиеттанудың басты салаларындағы жетістіктерін мұқият екшеп, жан-жақты саралағанда ғана тұтас ғылымының маңызын ашып көрсету мүмкіндігі тұмақ. Міне, осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын» тың ізденіс деп бағалаған орынды. [6,432]

Қазақ тілін қарабайыр санайтын надандық бұлтын сейілту үшін мынаны еске алу артық болмас: егер бір ғана «Абай жолында» Әуезов 16983 сөз қолданса, ал Шекспир мен Байронның барша лексиконы 15 мың сөзді құрайды. Демек, қазақ әдебиетінің дәмін көрмей жатып, әлемдік әдебиетке қол созудың өзі – ақымақтық. Бұл Герольд Бельгердің сөзі, тумысынан басқа ұлт бола тұра, қазақты дәл мұндай сүйген жан кемде-кем. Міне осы дана жазушымыз айтып өткендей, қазақ әдебиеті – қазақтың бетке ұстары, яғни әдебиетті зерттеу, дәріптеу әрқашан бірінші орында болу керек. Дегенмен өкінішке орай, «менің ойымша қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудың болашағын ойлап жүрген ешкім жоқ сияқты. Тек «могиканның соңғы тұяғы» Т.Кәкішев ғана болмаса. «Мүйізі қарағайдай академиктер» лауазымды қызмет үшін алаулатып, жалаулатып сөйлейді. Сол шіркіндердің ең құрығанда Ұлы Ахаңның ең болмаса «ғылым кандидаты» да емес екенін андасанда ойына алмайтыны өкінішті. Ең жаманы сол – олар ғылымға жаңа араласқан жас талапкерді «пара бермесең қадамың алға баспайды» деген пендешілік жаман пиғылға үйретіп тастады.» Деген сөзінде, Жандос Қожахметұлы шындықты бетке айтуға қаймықпайтындығын көреміз. Әрі шынымен де қазақ әдебиетіне деген жанашырлықтың төмендеп тұрған заман екенін айтпасақ та белгілі. Дегенмен, Жандос ағайды әдебиет жанашыры деп Жандос Қожахметұлының бір ауыз сөзін естіген әрбір адам айта алады. Әдебиет майталманы, Тұрсынбек Кәкішев та, өз мерейтойында, дүйім жұрттың алдында: «егер менің тілімнің астында Арыстан баб Қожа Ахмет Йассауи үшін сақтағандай құрманың сүйегі болса, мен оны мынау Жандосқа берер едім»[7] деген екен. Мұның астарында Кәкішевтің басқаны емес, дәл осы Жандос Қожахметұлын өзінің шәкірті деп тапқанын, өзімен пара-пар екенін мойындағаны.

Бұл жерде Ж.Смағұловты елден ерекшеленіп, айрықша дәріптейік деп отырған жоқпыз. Алайда осынау азаматтың ғылым атты киелі де бекзат өріске бет бұрғалы аталмыш тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеп келе жатқанын айтпау әділдік бола қоймас. Әлемдік теория-қағида бойынша әдебиеттану ғылымы әдебиет тарихы, сыны және теориясынан тұрады. Ғылыми дәрежеге қайткенде де қол жеткізуді мақсат тұтқан біреу болса, осы үш саланың бірін алып зерттесе де болар еді. Бірақ ғалым бір ұлттың ұзақ мерзім бойы жүріп өткен тарихи жолын оның руханият әлемімен тығыз байланыста алып зерделеген. Екіншіден, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы өзімізді солай оқытатындықтан, күні кешегі ХХ ғасырдың ол жақ, бұл жанындағы уақыттан ғана басталады деген пікірге ғалым үзілді-кесілді қарсы шығып, оның тарихи тамыры сонау көне дәуірде жатқандығын ғылыми тұрғыда дәлелдеп шыққан.

Көненің көзіндей сонау ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен ертедегі түркі жазба ескерткіштері мен жазба дүниелері ұлттық руханият қорынан қосылған, баға жетпес әдеби, мәдени құбылыс ғана емес, сонымен бірге біздің сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, ғылыми-зерттеушілік өре-деңгейіміздің көне дәуірлердегі көрінісі қандай болғанына айғақ. Еңсесі биік ұлттың тарихы да бай. Рухы биік жұрттың рухани кеңістігі де жүдеу болмаған. Әдебиеті бар ел - мәдениетті ел. [8]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сілтеме: <http://poetika.kz/1739>
2. Ж. Смағұлов «Ұлттық әдебиеттану әлемі», Қарағанды, «Болашақ-Баспа», 2005 жыл.
3. Ж. Қ. Смағұлов «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары». Қарағанды. ҚарМУ басп. 1995 жыл.
4. Құрмет Бәжікеев «Тоқырауын тынысы» газеті. 26 сәуір, 2013 жыл.
5. Сілтеме: <http://oilar.kz/quote/899>
6. Қуандық Мәшһүр-Жүсіп, Сарыарқа самалы. 23 қараша, жұма, 2001 жыл. №95
7. Т.Кәкішев, «Зерделіғалым» «Қазақәдебиеті» газеті.
8. М.Хамзин, « Орталық Қазақстан» 12 қаңтар, 2002 жыл. №7-8.